



Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде өңіраралық кооперацияны дамытуды үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1797 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 466 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.05.2014 № 466 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде өңіраралық кооперацияны дамытуды үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 7 9 7 қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде өңіраралық кооперацияны дамытуды үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

Келімбетов - Қазақстан Республикасы
Қайрат Нематұлы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға
Құсайынов - Қазақстан Республикасының
Марат Әпсәметұлы Экономикалық даму және сауда
вице-министрі, төрағаның орынбасары
Бәкенов - Қазақстан Республикасы
Ернар Бақытжанұлы Экономикалық даму және сауда
министрлігі Халықаралық
экономикалық интеграцияны реттеу
департаментінің директоры, хатшы

Дембай - Қазақстан Республикасы Құрылыс
Салауат Маханбетұлы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
істері агенттігінің жауапты хатшысы

Рау - Қазақстан Республикасының Индустрия
Альберт Павлович және жаңа технологиялар бірінші
вице-министрі

Ақшолақов - Қазақстан Республикасының Мұнай
Болат Оралұлы және газ вице-министрі

Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік
Азат Ғаббасұлы және коммуникация вице-министрі

Ысқақов - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Мәрлен Нұрахметұлы ортаны қорғау вице-министрі

Өмірияев - Қазақстан Республикасының Ауыл
Мүслім Тайырұлы шаруашылығы вице-министрі

Шаяхметов - Қазақстан Республикасының Білім
Саят Болатұлы және ғылым вице-министрі

Шаймағамбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Еркін Мұстафаұлы ғарыш агенттігі төрағасының
орынбасары

Әбдібеков - Ақтөбе облысы әкімінің бірінші
Нұрмұхамбет Қанапияұлы орынбасары

Дүйсембаев - Атырау облысы әкімінің бірінші
Ғұмар Ислямұлы орынбасары

Тұрғанов - Павлодар облысы әкімінің бірінші
Дүйсенбай Нұрбайұлы орынбасары

Ахметжанов - Қарағанды облысы әкімінің
Әнуар Мұратұлы орынбасары

Бекенов - Солтүстік Қазақстан облысы
Қайрат Әскербекұлы әкімінің орынбасары

Дәрібаев - Қостанай облысы әкімінің
Мұрат Аманкелдіұлы орынбасары

Қанешев - Маңғыстау облысы әкімінің
Біржан Бесекенұлы орынбасары

Көлгінов - Батыс Қазақстан облысы әкімінің
Алтай Сейдірұлы орынбасары

Мұратов - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің
Жомарт Хайдарұлы орынбасары

Тұрдалиев - Алматы облысы әкімінің орынбасары
Серік Мелсұлы

Тұяқбаев - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің
Сапарбек Құрақбайұлы орынбасары
Шорманов - Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Ербол Әлімқұлұлы
Бишімбаев - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат
Қуандық Уәлиханұлы қоры» акционерлік қоғамының
басқарма төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Үмбеталиев - «Экономикалық зерттеулер
Мәди Тоқтарұлы институты» акционерлік қоғамының
вице-президенті (келісім бойынша)

Ыдырысов - «Қазақстан инжиниринг» ұлттық
Ерлан Сапарғалиұлы компаниясы» акционерлік қоғамының
басқарушы директоры (келісім бойынша)

Құндақбаев - Қазақстан Республикасы
Абдұлла Бағыбекұлы Сауда-өнеркәсіп палатасының
вице-президенті (келісім бойынша)

Мәмбеталин - «Атамекен» Одағы» Қазақстанның
Әлихан Есенғосұлы ұлттық экономикалық палатасы»
заңды тұлғалар бірлестігі
басқарма төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2012 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1797 қаулысына
бекітілген

**Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде
өңіраралық кооперацияны дамытуды үйлестіру
мәселелері жөніндегі комиссия туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде өңіраралық кооперацияны дамытуды үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссия қызметінің мақсаттары

3. Комиссия қызметінің мақсаттары:

- 1) Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында өңіраралық кооперацияны дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 2) экономиканы дамыту, өндірісті кеңейту, басқару тиімділігін және ғылыми-техникалық үдерісті арттыруды ынталандыру, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігі (бұдан әрі – БЭК) жағдайында тауар нарықтарында ресурстардың оңтайлы бөлінуін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның міндеттері

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

- 1) жаңғырту және инновациялық технологиялық дамыту негізінде БЭК шеңберінде келісілген өнеркәсіптік саясат жүргізуде бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 2) өнеркәсіптік кооперация саласында БЭК шеңберінде өзара келісілген ш е ш і м д е р ә з і р л е у ;
- 3) БЭК-ке қатысушы мемлекеттердің өнеркәсіп салаларының үйлестірілген жұмысын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 4) Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының өнеркәсіп өнімдері нарықтарында өзара пайдалы бәсекелестік орта құру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін өз құзыреті ш е н б е р і н д е :

- 1) өнеркәсіп саласында Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы өңірлерінің арасында кооперацияны күшейту бойынша ұсыныстарды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне е н г і з у г е ;

2) Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты заңнамада\ белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және өзге ұйымдардан сұратуға ж ә н е а л у ғ а ;

3) Комиссия қарауына енгізілетін мәселелерді шешу жөніндегі проблемаларды талдауға және ұсыныстар әзірлеуге ғылыми ұйымдарды, сондай-ақ отандық және шетелдік сарапшыларды тартуға құқылы.

5. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны Комиссия отырыстарында төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын төраға басқарады.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

7. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

8. Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және отырыстар өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді.

9. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Комиссия төрағасы Комиссия қарауына шығарылатын ұсынылған материалдардың негізінде Комиссияның жоспардан тыс отырыстарын шақырады.

10. Егер Комиссия отырысында Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып саналады.

Комиссия мүшелері отырысқа алмастыру құқығынсыз қатысады.

11. Мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер қаралған жағдайда, Комиссия отырыстарына мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарлары шақырылады.

Комиссия отырысының материалдарына қоса тіркеу үшін мемлекеттік органның қорытындысы мемлекеттік орган басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, жазбаша түрде ұсынылуы тиіс.

12. Комиссияның отырыстары ашық болып табылады.

Төрағаның шешімі бойынша жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

13. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып саналады және Комиссияның төрағасы немесе отырысты өткізген оның орынбасары, сондай-ақ міндетті түрде оның барлық мүшелері қол

қоятын хаттамамен ресімделеді.

Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған
болып саналады.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіру құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және хаттамаға қоса берілуі тиіс.

14. Қол қойылғаннан кейін құзыретті орган хаттаманы үш жұмыс күні ішінде БЭЖ шеңберінде өңіраралық кооперацияны дамытуды үйлестіру мәселесін шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жібереді.

15. Қажет болған жағдайда Комиссияның шешімі хаттаманы ресімдей отырып, оның мүшелеріне жазбаша жауап алу жүргізу жолымен қабылдануы мүмкін.

16. Комиссия төрағасы не оның орынбасары отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын белгілейді және нақтылайды.

6. Комиссияның қызметін тоқтату

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі Комиссияның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.